

**Қазақстан
Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 25
маусымдағы
№832 қаулысымен
бекітілген**

«Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын» жүзеге асыру жолдары

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «функционалдық сауаттылықты арттыруды» Үкіметке негізгі тапсырма етіп жүктеген болатын.

Аталмыш тапсырманы орындау үшін Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұловтың басшылығымен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық әрекет жоспары құрылды.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз

– адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Яғни, оқушылардың **мектепте алған білімдерін**

өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Тұлғаның ең басты функциялық сапалары:

- белсенділік,
- шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға,
- кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Ал бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

- **ЖАЙ САУАТТЫЛЫҚ** – адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы.
- **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ** - тұлғаның нақты мәдени ортада өмір сүру қызметін іске асыру үшін қажетті және әлеуметтік қатынаста ойдағыдай қызмет етуін қамтамасыз ететін білімі, ептілігі, дағдылары.

Қазақстанның халықаралық зерттеуге қатысу мақсаты

- білім берудің бақылау-бағалау жүйесін реформалаудағы қажеттілік;
- қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігімен бірігуі;
- оқытудың халықаралық сапа стандарттарын енгізудегі және оның нәтижелерін бақылаудағы қажеттілік;
- білім беру мазмұнын жаңарту, білім беру сапасын бағалаудың қазақстандық жүйесін құру;
- Ұлттық кадрлардың біліктілігін арттыру;
- білім сапасын бағалайтын қазақстандық жүйе енгізу.

PISA халықаралық зерттеуі 15 жасар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment – PISA) .

PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады:

1. Оқудағы сауаттылық;
2. Математикалық;
3. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

2009 жылы – PISA зерттеулерінің нәтижесі бойынша оқушыларымыз 65 елдің арасында 58-ші орынға ие болған. Ал 2012 жылы – 49-шы орынды иемденген.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ағымдағы жағдайды талдау

PISA 15 жастағы жасөспірімдердің:

- Мектепте алған білімдері;
- Іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттерінің әртүрлігі;
- Тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастары;
- Өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды.

PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады.

Зерттеу айналым бойынша (үш жылда бір рет) жүргізіледі.

Әрбір айналымда функциялық сауаттылықтың қандай да бір түріне ерекше назар аударылады.

Қазақстан. TIMSS - 2007

2007 жылы зерттеуге еліміздің 141 мектебі қатысты. Жалпы зерттеуге 3990 бастауыш сынып оқушылары қатысты, соның ішінде 2394 – қазақ тілінде, 1596 – орыс тілінде білім алушылар.

Қазақстандық оқушылардың математикадан орташа көрсеткіші – 549 ұпай, бұл көрсеткіш 36 ел ішінде 5 орынға лайық болса, ал жаратылыстанудан орташа көрсеткіші – 533 ұпай, аталмыш көрсеткіш 36 қатысушы – елдер ішінде 11 орынды көрсетеді.

Зерттеу бойынша қазақстандық оқушылардың білім жетістігі жоғары және халықаралық орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары деп бағаланды.

Қазақстан. TIMSS - 2011

Зерттеуге еліміздің 154 білім беру ұйымы қатысты. Жалпы жобаға 4 және 8-сынып оқушыларынан 8775 білім алушы қатысты.

Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының 50 әлем елдері ішінде математикадан орташа көрсеткіші 501 ұпай, аталмыш көрсеткіш 27 орынға сәйкес және жаратылыстанудан - 495 ұпай, 32-орын.

Сегізінші сынып оқушыларының 42 қатысушы-мемлекеттер ішінде математикадан орташа көрсеткіші 487 ұпайды құрайды, бұл көрсеткіш 17 орынға сәйкес және жаратылыстану пәндері бойынша - 490 ұпаймен 20 орынды иеленді.

Қазақстан оқушыларының жобаға қатысу нәтижесі халықаралық орта көрсеткіштен төмен екені анықталды.

Ұлттық жоспардың мақсаты мен міндеттері

Ұлттық жоспардың мақсаты:

Оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету, орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады.

Ұлттық жоспардың міндеттері:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.
3. Білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету: стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар.
4. Білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.
5. Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.
6. Мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері

PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б.) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді:

- 1) білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- 2) оқыту нысандары мен әдістері;
- 3) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;

- 4) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
- 5) мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
- 6) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
- 7) ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Білім стандарттарын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын жаңарту

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудағы стандарт:

- ❑ Қазіргі таңдағы 11 жылдық; **(Жаңа стандарт)**
- ❑ 2015 жылдан бастап енетін 12 жылдық мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ретінде айқындалады.

Бұл ретте білім алушылардың:

- ❑ Алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді пайдалану;
- ❑ Әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі **құзыреттіліктер** қалыптастырылады.

Қорытынды

Жалпы жоспарда 2016 жылға дейін іске асатын

37 іс-шара қарастырылған.

Олардың 11-і 2012 жылғы 4-тоқсанда басталады.

ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша Ұлттық жоспарды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру **24,6 млрд.**

теңгені, оның ішінде республикалық бюджеттен **22,7 млрд.** жалпы **47,3 млрд.** теңгені құрайды.

Ұлттық жоспарды іске асыру оқушылардың бойында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бұл – шығармашылық пен инновацияға деген қызығушылықты арттырады.

*Назар аударғандарыңыз
үшін рахмет!*
